

«Мәңгілік ел» мұраты мен Абай мұрасының көркемдік-рухани сабақтастығы

Аңдатпа. Тәуелсіздік кезеңінде қоғамдық-әлеуметтік салалармен бірге мәдени-рухани арналарға да көп көңіл бөлініп, жаңа жол, кең өріс ашылды. Әсіресе, ел тарихының арғы-бергі кезеңдері қайта қаралып, жаңа уақыт талаптары тұрғысынан жіті зерделеніп, зерттеу бағыттары соны сипат алды. Арғы арналардағы ата-бабаларымыздың арман-аңсарына айналған – «Мәңгілік ел» мұраты, оның қалыптасуы мен тарихи сабақтастығы әр қырынан қарастырылып, маңыз-мәні айқындалып, кең көлемде сараланды.

Мақалада «Мәңгілік ел» мұраттарының хакім Абай мұрасында кеңінен көрініс тауып, оның өзі тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі, көркемдік-рухани сабақтастық негізінде өріс алуы жан-жақты сөз етіледі. Абай әлеміндегі ел-жердің қасиеті мен құдіреті, адам мұраты мен өмір мәні, дәстүр мен дін сипаты, тарих пен таным тоғысы, ұлт пен ұрпақ қамы, отан мен отбасы бірлігі, білім-ғылым жүйесі, бес асыл іс, ақыл-парасат нәрі, жүрек ісі, жастық пен достық сыры, заман шындығы, жақсы ән мен тәтті күй, жыл мезгілдері, сөз сарасы, терең ой, тәлім-тәрбие арналары, уақыт бедері кең түрде зерделеніп, талдау мен салыстыру-салғастырулардың негізін құрайды.

Түйін сөздер: азаттық, ақын, руханият, көркемдік, тұлға, тіл, стиль.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-32-40>

Түсті: 07.11.20 / Қайта түзетілді: 27.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. Ұлт руханиятындағы жарқын тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы ақын-ағартушы, аудармашы, композитор, әрі жаңа жазба әдебиеттің негізін қалаушы ретінде де алыс-жақынға аса мәшһүр. Осы орайда, Абай әлеміне еркін енер болсақ, ел-жерге, дәстүр мен дінге, тарих пен танымға, білім мен ғылымға, тәлім-тәрбие арналарына жаңа жол, кең өрістер ашқанын аңғарар едік. Ақиқатында, мұның бәрі - баршасынан ел-жерге құрмет, адам өмірі мен еңбегіне, дәстүр мен тарихқа тағзым, бастысы ұлт пен ұрпақ қамына жауапкершілік пен жанашырлық, отан мен отбасына сүйіспеншілік сезімі мен сыйластық сырлары кең орын алады.

Ұлт мұратының асыл арқауы – азаттық болса, еркіндік аңсаған елдің арман-аңсары – тәуелсіздікке табан тірері анық. Ел тарихының арғы-бергі жүріп өткен жолы – азаттық

пен еркіндік, тәуелсіздік екенін қазіргі кезең шындыққа шығарып отыр. Асылы, ұлт азаттығы мен елдік болмыс – халық келешегін, кемелдік пен кеңдік көкжиегін, биіктік пен тереңдік мәнін де айқындайды. Кеше мен бүгін байланысын, өмір тағылымын да танытады. Анығында, «Мәңгілік Ел» идеясының басым бағыттары, мұрат-мазмұны да осы тұстан айқын аңғарылады. Оның бағыт-бағдары мен маңыз-мәніне Тұңғыш президент - Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында төмендегіше түйін жасайды: «...Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - ол, қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді - «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық...

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз» [1, 1-3 бб.].

«Мәңгілік ел» мұраттары мен құндылықтары арғы арналардан бастау алып, ғасырлар қойнауындағы «тар жол, тайғақ кешу» кезеңдерінде де халықтың арман-аңсарына айналып, әр тұстары қоғамтанушылар мен тарихшылар, әдебиетшілер еңбектерінде кең орын алды [2, 360-416 бб., 4, 8-9 бб.].

Тегінде, дәстүр тағылымы, сабақтастық мәні мен оның сыр-сипаттары ұлт мұраты мен руханиятынан, оның танымал тұлғаларының есімі мен еңбегінен кеңінен көрініс береді. Бұл ретте, сөз жоқ «Мәңгілік ел» мұраттарының арғы кезеңдерден-ақ ата-бабаларымыздың арман-аңсарына айналғаны, азаттық жолында «тар жол, тайғақ кешуден» өткені анық. Қазақ тарихының арғы-бергі кезеңдерінен бұған қатысты мың сан мысал, дереккөздерін кездестіруге болады. Ұлт руханиятының белесті тұстарынан да азаттық рухы мен ел бірлігін мұрат тұтқан тұғырлы тұлғалар көптеп кездеседі. Осы орайда, Әл-Фараби мен хакім Абай әлемі арасындағы әдеби-рухани байланыс пен сабақтастық сырларының, қысқасы, ұлылық ұлағатының маңызы зор. «Кемел қоғам», «толық адам» табиғаты мен тағылымына қатысты ойлар мен толғаныстарының, біліми-ғылыми мұраларының жалпыадамзаттық маңызы айрықша болып табылады. Ұлы даланың тұлғалары Әл-Фараби мен Абай - Шығыс пен Батыстың адамзат игілігіне қатысты үлгілі үрдіс, тәлімді тәжірибелерін жіті танып, зерттеп-зерделеп, оны өз еңбектері арқылы жан-жақты байытты. Ел дамуы мен өркениет жолына бағытталған біліми-ғылыми һәм шығармашылық мұралары – жалпыадамзаттық мәнімен, феномендік маңызымен, дүниетанымдық-интеллектуалдық деңгейімен теңдесі жоқ құбылыс болып табылады. Анығында: «Әл-Фараби ислам өркениетінің «алтын ғасырын» дамытуға үлкен үлес қосты. «Қайта өрлеу» дәуірінің алғашқы кезеңінде Фараби еңбектері латын тіліне аударылып, Еуропа жұртшылығына танылды. Сол арқылы бүкіл адамзаттың рухани қазынасына айнал-

ды» [3, 2 б.]. Ал, Абай әлемі, мақсат-мұраттары, елшіл-қоғамшыл қасиеттері, дүниетаным арналары кеше мен бүгін байланысын барынша айқындай түседі. Бастысы, Абай әлемінің мың сан арналы бағыт-бағдары, қазақ сөзінің күдіреті мен қасиеті, ондағы ұлттық-қоғамдық, тарихи-фәлсафалық, мәдени-рухани һәм танымдық-тәрбиелік мәнінің мол мүмкіндіктері мен сыр-сипаттары даралық қасиеттерімен, данышпандық тұжырымдарымен қазіргі кезеңде де құндылықтарын жоғалтқан жоқ. Ол, әсіресе, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық мәні мен тұжырымы терең, тағылымы мол мақаласынан анық аңғарылады [4, 1-3 бб.].

Осы реттен алғанда, Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай мемлекет көлемі мен халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жәйі кеңінен қозғалады. Оның өзі «...той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін» аса мәнді мүмкіндік, әрі айрықша құбылыс болатындығына кең түрде маңыз беріледі. Ақын әлемі, шығармашылық мұрасының мәдени-рухани байлығы мен құндылық қайнарларына, тағылымдық һәм тәлімдік тұстарына да кең орын беріледі. Абай әлемі, басты мұраты мен мұрасы, ондағы тақырыптық ерекшелік, жанр табиғаты, көркемдік кеңістігі, мазмұн байлығы, мәтін құрылымы, тіл мен стиль сипаттары кең түрде зерделенеді. Ақын мұраты, шығармашылық мұрасының жалпыадамзаттық құндылықтары мен маңызы айқындалады. Басты ерекшеліктері, оның ішінде, адами мұраттары, бүтін болмысы, дүниетанымы мен ұстанымы, көркемдік қайнарлары, талант қырлары мен басқа да ұнамды үрдістері, басым бағыттары айрықша аталады: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды».

Абай мұрасын зерттеп-зерделеу ісінде оқу эстафетасының кең өріс алуы, осының негізінде маңыз-мәні жоғары көзқарас пен қолтаңба, ұстаным жүйесіне ден қойылып, көкейкестілігі мен тағылымдық сыр-сипаттарына айрықша назар аударылады. Ақын мұрасында қоғамдық жағдай, ел-жер тарихы мен тағдыры, дәстүр тағылымы, адам мұраты мен еңбегі, тұрмыс-тіршілік тауқыметтері, болмыс бедері, өмір өрімі, уақыт рухы, азаттық-теңдік мәні, білім-ғылым өрісі, тәлім-тәрбие арналары кең орын алады. Бұдан басқа, «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәрі бос» немесе «Адам бол – мал тап» сынды талап-тілектер кең өріс алады. «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп» сөзінің мәні ашылады. Мұның өзі - «Мәңгілік Ел» мұраттарымен рухтас, тамырлас екені терең танылады. Атап өткен жөн, бағдарламалық еңбектің басты бөліктерінде («Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы») Абай мұраты мен мұрасы ел бірлігі мен мүддесімен телқабыс сөз етіледі. Қазақ қоғамы, ондағы артық-кем тұстар қатар беріледі. Айталық, «Ұлттық болмыстың үлгісі» бөлігінен қоғам мен заман шындығы, адам болмысы мен дүниетаным арналары кең орын алады. Қазақ қоғамын дамыту, ел-жерге қызмет ету, мақсатты биікке ұмтылу мұраттары адамдық борыш, білім-ғылым ісімен байланыстырылып, оны дамыту мен жетілдіру жолдары – Абайдың шығармашылық мұрасымен сабақтастықта сөз етіледі. Оның мәні: «Ғылым таппай мақтанба», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» сынды белгілі өлеңдері аясында кең өріс алады. Білім-ғылымды ерте меңгеру, «Артық ғылым кітапта», «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол» сынды қағидалы ойлары мен толғаныстарының мәні ашылады. Білім беру саласын заманға сай дамытып, жетілдіру жолдарына ден қойылады. «Педагог мәртебесі туралы» заңның осы бағытқа арналғаны, ұстазға құрмет пен мұғалім мамандығын аялау мен бағалау қажеттілігі көрсетіледі. Бұл бағытта ана тілін дамыту мен дәріптеу жәйі, көптілді білу мен меңгеру мәселелері де кеңінен қозға-

лады. Ақыл-парасатқа кең өріс ашу, сананың ашықтығын қамтамасыз ету, елдік пен ерлікті қадірлеу, ұлттық патриотизмді қалыптастыру, өркениеттің озық тұстарына батыл қадам жасау қажеттілігі – Абай мұрасына ден қою мен оны оқып-үйрену, зерттеп-зерделеу, тану ісінде маңызды болатындығы баса көрсетіледі. Бұдан басқа, әсіресе: «Патша құдай, сыйындым, Тура баста өзіңе» немесе «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой, сыр мен сымбат» сынды ақынның мін-сын ретіндегі астарлы-қатпарлы ой-жүйелері де басты назарда тұрады. Әрі өмір тағылымы мол. Мұның мәнісі былай беріледі: «...Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды - қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты». Мұны да біліп, қаперде ұстаған жөн.

«Мемлекет ісінің мүдделесі» атты келесі бөлікте ұлт мұраты мен елдік бірлік, әділетті қоғам құру идеясы, өркениетті мемлекет қағидаттары кеңінен қозғалады. Даму мен тұрақтылық тірегі - бірлік пен татулық екені баса көрсетіледі. Мемлекеттік мүдде, қоғамдық келісім, дәстүр мен сабақтастық сырлары ашылады. Абай айтқан: «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды», «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып» деген дәуір тынысы, өмір тағылымы, қатқыл үн, қатаң ескертулері де назарға алынады. Сондай-ақ, заң үстемдігі, билік пен халық арасы, жастарға мемлекетті сыйлаудың сыр-сипаттары да басты бағыттарға ие болады. Әділетті қоғам құру, сындарлы диалог мәні – жаңа буын жауапкершілігімен сабақтастықта сөз етіледі. Түйінді тұста: «Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық... Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз», - деп анық айтады.

«Жаңа қоғамның жанашыры» атты бөлікте әлемдік өркениеттің өзінде орын алған қала мен ауыл арасы, бай мен кедей мәселесі, білім мен білімсіздік мәні, әлеуметтік жауапкершілік жәйі жан-жақты қозғалады. Оның кілті мен түйінін Абайдың «Толық адам» фор-

муласы арқылы ашады. Ақын мұрасындағы: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» сынды қоғамдық құбылыстардан туған, кезең көріністері мен заман шындығынан орын алған, өмір-тұрмыс сапасын жақсартуға қатысы бар маңызды тұстарды бөлекше атайды. Осының негізінде тәуелділік психологиясынан арылу, мақтан мен масылдық сынды негізсіз, жат та, теріс көріністерден алыс болу, керісінше, ерен еңбек етіп, білім қуып, шағын және орта бизнесті өркендету бағытын алға тартады. Бұл ретте: «Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы дегуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар, ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды», - қоғам сұранысын, еңбек мәнін, өмір тағылымын алға тартады.

Бұдан басқа, «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» атты бөлікте Абай әлемін жер-жаһанға таныту мұраты қозғалады. Халық мәдениетін, бітім-болмысын, өмір-тарихын, тұрмыс сапасын – Абай арқылы таныту мәселесі қозғалады. Абайдың ақындық қуатының қайнар көздері, Батыс пен Шығысқа қатысы, бастысы ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі өмір тағылымы мен тұжырымдар жүйесінің мәнін ашу, жалпыадамзаттық құндылықтары мен рухани байлығын жоғары ұстау қажеттілігі айтылады. Абайдың ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығының сырын ашу, ұлтымыздың мәдени капиталы, Қазақстанның бренд ретіндегі орын-үлесі айқындалып, маңыз-мәні жан-жақты қозғалады. Анығын айтқанда: «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге, Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен

билік, тіл мен қарым-қатнас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені, ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы», - деп терең мәнді фәлсафалық түйіндер жасайды.

Ал, «Торқалы тойдың тағылымы» бөлігінде: «Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы» деген қорытынды жасалады. Оның мәні: қазақтың төрінде домбыра, ақын кітабы мен М. Әуезовтің «Абай жолы» тұруы керектігі айтылады. Ақын мерейтойы тұсында – 500-ден астам іс-шаралар өтіп, кеш-кездесу, конференциялар ұйымдастырылатынына да мән беріледі. Ақын шығармалары он тілге аударылып, «Абай» телесериалы түсіріледі. Әдебиет пен өнер саласындағы сыйлық – Абай атымен аталатын болады. Семей өңірі – ел тарихындағы киелі өлкеге айналып, атақты Жидебай абаттандырылады. «Абай» журналына қолдау көрсетіледі. Қысқасы, анығын айтқанда: «Абай арманы – халық арманы... Абай мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» деп бағаланады. Осы реттен ойға алсақ, тегінде: «Абайды түсіну үшін Әуезовті оқимын, Әуезовті түсіну үшін Абайды оқимын» (Д. Рамазан) дегенде ерекше мән, зор маңыз бар. Демек, Абай мұраты мен мұрасы – елдік мүдде мен бірлік көрінісі. Бұдан басқа, ақындық өнері, қара сөз мұрасы – ұлт руханиятының байлығы һәм қымбат қазыналар қатарына жатады. Жазушы М. Әуезов «Абай Құнанбаев» атты зерттеуінде ақын мұраты мен шығармашылық мұрасы хақында: «...Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

...Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады», - деп көркемдік құпиясын, өлең өрісін анық-қанық жазады [5, 166-170 бб.].

Бұл бағытта арғы-бергі кезеңде айтылып, жазылған жайлар жетерлік. Орайлы тұста Әл-Фарабиге жүгінсек, ұлылық ұлағатына, үндестік һәм сабақтастық сырларына қаныға түсеміз. Атап айтқанда, қоғамның басты байлығы һәм қозғаушы күші - адам мұраты, өмір мәні, еңбек қуаты, қарыз-парыз ісі, адамгершілік күші, дәстүр мен дін арналары, тарих

пен таным тоғысы, тәрбие нәрі, уақыт рухы, сыйластықтың сыр-сипаттары былай беріледі: «Адамның басына дарыған төрт түрлі нәрсеге халықтар мен қала тұрғындары қол жеткізсе, олар бұл өмірде дүние бақытына, басқа өмірде алыс бақытқа жетеді. Бұлар теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер» [6, 434 б.].

Асылы, Абай әлемі, өмірі мен шығармашылығы, ондағы ұлт мұраты, елдік мүдде, адамдық борыш, адамгершілік қағидаттары, дәстүр мен дін тағылымы, тарих пен таным арналары, тәлім-тәрбие иірімдері кеше мен бүгін байланысын айқын танытады. Абай мұрасындағы елдік мұратқа қатысты көзқарастар жүйесі, ақыл-парасат мәні, білім-ғылым орны, еңбек қуаты, жан мен тән сипаты, тәлімдік арналар, өмір өрімі, уақыт рухы қазіргі кезеңде де мәдени-рухани Һәм көркемдік-эстетикалық нәрімен маңызды сипат алады. Бастысы, хакім Абайдың поэзиясы мен «Қара сөздер» мұрасындағы үндес тұстар, ел-жер, ерлік дәстүрлер, жан мен тән қуаты, ақыл-парасат мәні, білім-ғылым нәрі, жүрек ісі мен иман иірімдері өмір тағылымы арқылы беріледі. «...Өз сөзім - өзімдікі» немесе «Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді», «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» сынды өмір өрнектері мен көзқарас қағидаттарының тағылымдық мәні зор. Маңыздысы: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», - деген басты ұстанымынан адамдық борыш пен ақиқат жайттар мәні айқындала түседі.

Бұдан басқа, «Ақыл керек, ес керек, мінез керек», «Пайда ойлама, ар ойла», «Адам бол – мал тап», «Өнер өлшеніп тартылса», «Шын жүрек – бір жүрек» сынды өмір өрімі, дәстүр тағылымы, тәлімдік мәні мол қағидаттары қазіргі кезеңде де өзекті, мәнді болып табылады. Әрі елдік мұрат-мүдде мен жалпыадамдық құндылықтарды, руханият арналарын анық аңғартады.

Сайып келгенде, Тұңғыш Президент - Елбасының «Абай аманаты» (7.10. 2020), ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Абай – рухани реформатор» (10. 08. 2020) сынды мақалаларында да Абай әлемі мен мұраты кең орын алды.

Абай мұраты мен мұрасының рухани байлығы мен құндылықтар қайнарының маңызды да қымбат қазыналарының бірі осы. Мұның өзі, ел дамуының бағдарын айқындайтын - «Мәңгілік Ел» идеясының жарқын да жасампаз өнегесіне, кеше мен бүгіннің өрнекті өрістеріне келіп саяды. Осы реттен келгенде, атап өтер жайт: «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ халқының ата - бабаларынан, яғни ортағасырлық түркілік заманнан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына шыққанда осы идеяны жалғастырып, бүгінгі күнге дейін алып келді және тәуелсіздігіміз орныққан кезде сонау түркілік дәуірде Түрік қағанатының «манифесі» ретінде «Мәңгі тасқа» жазып қалдырғандай, Елбасымыз Н. Назарбаев халыққа биылға Жолдауында Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады. Сонымен қатар, Елбасы таяуда ғана тәуелсіз мемлекетіміздің атауы «Қазақ елі» болып өзгеруі мүмкіндігін де айтты. Мұның да ел-жұрттың талқысына уақытында қойылғанын ерекше атаған жөн. Өйткені «Мәңгілік ел» идеясы мен «Қазақ елі» атауы тарихи тұрғыдан сабақтастықты жалғастырып, бірін-бірі толықтырып тұратын маңызды әлеуметтік түсініктер.

...Халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып, тарихи сабақтастықта жетілген және қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен ғасырлар бойғы мемлекеттік идеологиясынан нәр алған бабаларымыздың «Мәңгілік ел» идеясы ХХІ ғасырдағы Қазақ Елінің ұлттық идеясына айналып, өзінің өміршеңдігі мен жасампаздығын әлемге паш етіп отыр» [7, 298 б.].

«Мәңгілік Ел» мұраттары Хакім Абайдың «Қара сөздер» мұрасынан да кең көлемде көрініс береді [8, 89,154 б.]. Ойға алсақ, «Қара сөздердің» асыл арқауы мен басты бағыттары – адам әлемін, өмір мұраты мен еңбек мәнін, дәстүр мен дін сипатын, білім-ғылым жүйесін, тарих пен таным арналарын, тәлім-тәрбие тағылымын ашуға арналады. Айталық, бастапқы тұстан-ақ ел-жер, білім-ғылым, дәстүр-дін, ұлт пен ұрпақ қамы, өмір-дүние дидары, жастық-кәрілік сипаты кең орын алды. Баянсыз өмір, байлаусыз тірлік, талайлы тағдыр мәні, уақыт бедері кең түрде айқындалады («Бірінші сөз»).

Келесі кезекте, еңбек етіп, өнер қуып, мал тауып, өмір-дүние дидарында өз орныңды айқындаудың мәні ашылса («Екінші сөз»), бұдан кейінгі жерде адал еңбек, әділетті іс ардақталып, арамдық пен қулық жолының қысқа да бұралаң тұстары айқындалып, мін-сын ретінде әшкереленеді («Үшінші сөз»), өмір мұраты, еңбек мәні көрсетіліп, осының негізінде: «... Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!» дегенге басымдық беріледі. Тиянақты тұжырым былай беріледі: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» («Төртінші сөз»). Өмір мәні, еңбек нәрі, ел-жер, бірлік-тірлік, адамдық борыш, білім мен ғылым ісі, дәстүр мен дін, тарих пен таным, ұлт пен ұрпақ қамы, тәлім-тәрбие сипаттары бірқатар мақалдар мәйегі арқылы да маңызды жүйе құрайды: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без», «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік», «Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тітті» («Бесінші сөз», «Алтыншы сөз», «Жиырма тоғызыншы сөз»).

Бұдан басқа, жан мен тән сипаты («Жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз»), әке мен бала, ұлт пен ұрпақ қамы («Оныншы сөз»), ақыл-парасат, жүрек-иман мәні («Он үшінші сөз», «Он төртінші сөз», «Он бесінші сөз»), білім-ғылым жолы, ақыл, қайрат, жүрек ісі, талап пен талапсыз орны («Он жетінші сөз», «Отыз екінші сөз», «Қырық төртінші сөз») жан-жақты

ашылады. Кербездің екі түрлі қылығына мән беріледі. Оның мәнісіне былай тұжырым жасалады: «...Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіңдер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» («Он сегізінші сөз»). Адамдық әлемі, өмір, дүние мәні, еңбек сипаты, бақ пен сор, жақсы мен жаман, дос пен дұшпан, ұстаз бен ғалым, шәкірт сипаттары («Отыз жетінші сөз»), адамшылықтың басты ұстанымы мен өлшемі – махаббат, ғаделет, сезім дүниесі төңірегінде кең өріс алып, өмір тағылымы, дәстүр нәрі, тұрмыс сипаты шынайы шындықтар тұрғысынан байыпты бағаланады («Қырық бесінші сөз»).

Хакім Абай ақиқат хақында айтқанда: «Хақтың бір аты - Алла, ғылым-Алланың бір сипаты» дегенді баса көрсетеді. Иман ісін жоғары қояды. Білім-білікті, дін-дәстүрді, өмір тағылымын, тарих мәнін, тәрбие ісін алға тартады.

Абай әлемінде – жүрек ісі, ақыл мен тіл мұраты терең көрініс табады. Ақын адам әлемін айқара ашып, ондағы қозғалыс-тіршіліктің басты факторы, өмірдің өзекті Нәм өшпес қуатты қайнар көзі – жүрек шындығын, ақыл-парасат нұрын, дін-дәстүр әсерін, рух пен тіл мүмкіндіктерін кең көлемде ашады. Адам мұратын, өмір мәнін, тіршілік нәрін – жүрек ісімен сабақтастықта сөз етеді. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма?» деп өмір-тірліктегі жүрек ісі арқылы жүзеге асатын жағдаяттарға айрықша мән береді. Ақын айтқан: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» мәселесін, «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі», «Күйесің, жүрек, күйесің» сынды ар-ұяттың маңыз-мәнін елдік мүдде тұрғысынан, парасат биігінен қозғайды Нәтижесінде: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаудылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаман-

шылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» дегенді анық айтады (14-сөз). Ал: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» дегенінен «жүрек-таразы» екенін алға тартады (14-сөз). Мұның өзі – қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнер айтысындағы – «жүректі жақтадым» деуі (17-сөз), сосын: «адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озық» екенін көрсетуі өмір шындығы еді (18-сөз).

Ақын мұратынан айқын аңғарылатын басым бағыттардың бірі - білім-ғылым жүйесі. Ақын бастапқы тұста - білім-ғылым ісіне қадам басу үшін талаптың керегін, оның «біраз шарттары» барын еске салады. Білім-ғылымға құштарлық арман-аңсарлармен шектелмейді. Оның үстіне, біліп-көріп, көңілге тоқығанның мәні зор. Мақсат айқын, бағыт белгілі болу керекті көрсетіледі. Ар ілімі үлгі етіледі. «... ғылымды, ақылды сақтайтұғын- мінез» категориясы жөнінде де байыпты байламдар жасалады (32- сөз).

«Қара сөздер» мәні мен үздік үлгісі, өрнекті өнегесі - 37-сөзде жинақы, жүйелі беріледі. Хакім Абай мұнда өмірдің өрнекті тағылымдарын, тәлімді тәжірибелерін барыншы қонымды, қысқа-нұсқа үлгіде жеткізеді. Хакім Абайдың даналық мәйегіне айналған, ақыл-нақыл, өсиет сөздері ағартушылық һәм дидактикалық сипаттарымен де мәнді.

Абай осы бағыттаған ой-сөз желісін - жан мен тән қуаттары төңірегінде тереңдете түседі (41-сөз). Адам мұраты, өмірі мен еңбегі - жан әлемі арқылы өріс алса, тән қуаты - байлық, дәулет арқылы көрініс береді. Адамшылық жолы, талапсыздық әрекеті - жан һәм тән қу-

аттарының артық-кем тұстарын-ақыл, қайратты тең ұстап, өмір-уақыттың өлшемі етіледі (43-сөз).

Қорытынды. Хакім Абайдың «Қара сөздер» мұрасы – жан-жүректің жазбасы, дүниетаным айнасы. Адам әлемі, өмір мәні, тарих тағылымы кең көлемде көрініс береді. Маңыздысы, «Қара сөздер» табиғаты мен мазмұнынан ата-бабаларымыз аңсаған азаттық рухы, ел бірлігі мен бостандық жолы, достық қатынас мәні, өмір тағылымы кең орын алады. Дәстүр мен дін мәні айқындалады. Білім-ғылым ісі алға шығады. Хакім мәні, ғалым сипаты кең көлемде көрініс береді. Ой түйінінде: «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым», - деп мәні айқындалып, сыры ашылады [8, 138 б.].

Ақиқатқа жүгінсек, ата-бабаларымыздың арман-аңсарына айналған – «Мәңгілік Ел» идеясы кешеден бүгінге жеткен жалпықазақстандықтардың ортақ мақсаты, біртұтас мұраттарын құрайды. Тәуелсіздік алып, Елтаңбаны төрге шығарып, Туды тұғырға қондырған соң, сөз жоқ, оны аялау мен баянды ету, көздің қарашығындай сақтау мен қорғау ісі де маңызды міндеттер қатарына жатады. Асыл борыш, басты бағыттардың да бірі осы.

Қысқасы, «Мәңгілік Ел» мұраттары мен Хакім Абай мұрасында ортақ байланыс пен үндестік сыры, сабақтастық жалғастығы терең танылады. Өйткені «Мәңгілік Ел» мұраттары – азаттық пен ел бірлігін негіз етсе, Хакім Абай мұрасы – жалпыадамзаттық құндылықтар қайнарына басымдық береді. «Мәңгілік Ел» мұраттары мен Хакім Абай мұрасындағы асыл арна, ортақ байланыс пен көркемдік-рухани сабақтастық сырлары да осында болса керек.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауынан. // - «Егемен Қазақстан» газеті, 14.12.2012. - 1-3 б.
2. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. - Астана: Күлтегін, 2005. - 360 б.
3. Көшербаев Қ. Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан. // «Егемен Қазақстан» газеті, 20.10.2020. - 7-10 б.
4. Тоқаев Қ.Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // «Егемен Қазақстан» газеті, 09.01.2020.

5. Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер. М. Әуезов - «Абай Құнанбаев». - Алматы: Жазушы, 1985 . - 175 б.
6. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. - Алматы: Арыс. 2009. - 434 б.
7. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. - Астана: Фолиант, 2013. - 298 б.
8. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. - Алматы: Жазушы, 2004. - 138 б.

References

1. Nazarbayev N. «Kazakhstan-2050» Strategiyasy – kalyptaskan memlekettin jana sayasi bagyty. Kazakstan halkyna joldauynan. [«Kazakhstan-2050» is a new political course of the established state. From the Message to the people of Kazakhstan] Newspaper «Egemen Kazakhstan», 14 December 2012. P. 1-3. [in Kazakh]
2. Zholdasbekov M., Sartkojauly K. Orhon Eskertkishterinin tolyk Atlasy [Complete Atlas of Orkhon monuments] (Astana, Kultegin, 2005, p 360.). [in Kazakh]
4. Kosherbayev K. Al-Farabi alemi jane kazirgi Kazakstan [Al-Farabi's world and modern Kazakhstan] // Newspaper «Egemen Kazakhstan» 20 October 2020. P. 7-10.
Tokayev K.Zh. Abai jane XXI gasurdagy Kazakstan [Abay and Kazakhstan in the XXI century.] Newspaper «Egemen Kazakhstan», -№5, 9 January 2020. P 1-3.
5. Abai. Tandamaly olender [Selected poems] (Almaty, Zhazhushy, 1985, 66 p.). [in Kazakh]
6. Al-Farabi. Tandamaly traktattar [Selected treatises] (Almaty, Arys, 2009, 434 p.). [in Kazakh]
7. Syzdykov S., Kanayev S., Zhenis Zh. Mangilik el ideyasy: kalyptasuy. Ush negizi, tarihi sabaktastyk [The idea of «Mangilik el»: formation, three foundations, historical continuity] (Astana, Foliant, 2013, 320 p.). [in Kazakh]
8. Abai. Shygarmalarynyn eki tomdygyk tolyk jinagy [Abai. Complete works in two volumes] (Almaty, Zhazhushy, 2004, 336 p.). [in Kazakh]

Р.С. Турысбек

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Цели «Мәңгілік ел» и художественно-духовная взаимосвязь в наследии Абая

Аннотация. С принятием независимости общественно-социальной сфере уделяется много внимания. И в культурно-духовном направлении открылись новые пути и широкие просторы для изучения. Более подробно рассматривались и прошлое и настоящее истории народа, осмысливались новые требования времени, направления исследований. Цели «Вечного народа» - это мечты наших предков, оставшиеся в прошлом. На сегодня становление и взаимосвязь исторических тайн рассматриваются со всех сторон, определилась их суть, сделан анализ в широком формате.

В данной статье цели «Вечного народа» мы видим в наследии Абая, в частности с разных сторон рассматриваются тематическое своеобразие, система жанров, их дальнейшее развитие на основе художественно-духовной взаимосвязи. Широко исследуются такие аспекты, лежащие в основе мира Абая, как священность и могущество земли народа, цели человека и смысл жизни, характер традиций и религии, сплетения истории и познания, заботы нации и поколений, единство семьи и родины, система образования и науки, пять благородных дел, пища здравомыслия, дело сердца, секреты молодости и дружбы, правдивость времени, красивая песня и благозвучный кюй, времена года, меткость слова, пути воспитания и временные рамки.

Ключевые слова: свобода, поэт, духовность, художественность, личность, язык, стиль.

R.S. Turysbek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Goals of the «Mәңгілік ел» and artistic and spiritual relationship in the heritage of Abai

Abstract. Since the adoption of independence, much attention has been paid to the social sphere. And in the cultural and spiritual direction, new paths and wide areas for study have opened. The past and the present of

the history of the people were examined in detail, the new requirements of the time, the directions of research were comprehended. The goals of the «Eternal People» are the dreams of our ancestors that have remained in the past. Today, the formation and interconnection of historical secrets is examined from all sides, the importance and essence have been determined, an analysis has been made in a wide format.

In the article, we see the goals of the «Eternal People» in the heritage of Abai as well, there is a thematic feature, a system of genre, artistic and spiritual relationship. The world of Abai is based on the study of the sacredness and power of the land, the people, the purpose of person and the meaning of life, the tradition and nature of religion, the interweaving of history and knowledge, the care of the nation and generations, friendship of the family and homeland, the education system and science, five noble deeds, food of sanity, heart business, secrets of youth and friendship, truthfulness of time, beautiful song and euphonious instrumental work, seasons, deep thoughts, ways of upbringing, time frames are used for analysis and comparison.

Keywords: Abai, life, creativity, art, language, style.

Автор жайлы мәлімет:

Тұрысбек Рақымжан – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Turysbek Rakymzhan - Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.